

БЕКІТЕМІН:  Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.



**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Миылы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

<b>Білім беру ұйымы</b>					
<b>Топ/сынып</b>	<b>Кіші топ</b>				
<b>Балалардың жасы</b>	<b>2 жасар балалар</b>				
<b>Жоспардың құрылу кезеңі</b>	<b>10.10 - 14.10.2022 ж.</b>				
<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміске не көгөніске деген аллергиясы жөнінде".				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сұрту үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; сөренің шаңын сұрту үлгісін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жемістер мен көкөністердің бөлмеге сән беретінін түсіндіру; бананның нақпішініндегі шаңын ылғалды жүберекпен сұртудің қажетті әрекет екендігін іс-тәжірибеде көрсету (банан жылтыр, таза).	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында әдемі себептерге (қораптарға) жиналған жеміс-көгөністердің шаңын ылғалды жүберекпен сұрту үлгісін көрсету; ойыншықтардың бөлмеге сән беретінін түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер тұрған ыдыстарындағы топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күтуде суарудың маңызын іс-тәжірибеде көрсету; адамдар жеміс ағаштарын күтсе, дәмді жемістердің өсетінін түсіндіру.

	<p><b>Алма нақпіндерімен ойнату.</b>          Мақсаты. Балаларда тақпақты айтқызу арқылы алма туралы, пішіні дөңгелек заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.          Қызыл алма дөңгелек, Алтын күн де дөңгелек, Басым менің дөңгелек, Добым ол да дөңгелек.</p>	<p><b>Қияр нақпіндерімен ойнату.</b>          Мақсаты. Балаларға тақпақты айтқызу арқылы қияр туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, жаттығуларды жасау арқылы жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.  <i>"Қияр" (орыс халқының тақпағы).</i>          Қияр, қияр, шет-тысқа          Бара көрме, желігіп:          Жеп қояды бір тышқан          Құйрығыңды кеміріп.          Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев</p>	<p><b>Сары банан нақпіндерімен ойнату.</b>          Мақсаты. Балаларда тақпақты айтқызу арқылы банан туралы, пішіні сопақша заттар туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау, тілін, жаттығуларды жасауда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру.          Құралдар: тақпақтағы заттардың нақпіндері немесе суреттері.          - Сары банан сопақша,          Шұжық еті сопақша,          Тәтті сәбіз сопақша,          Таяқша да сопақша.</p>	<p><b>"Көгөністер" дамытушы ойыны.</b>          Мақсаты. Балаларға көгөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.          Құралдар: көгөністердің нақпіндері.          - Міне, дәмді көгөністер, Күзге дейін пісіп өскен: Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ.          - Тамаша!          Жарайсындар!</p>	<p><b>"Жемістер" дамытушы ойыны.</b>          Мақсаты. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу.          Құралдар: жемістердің нақпіндері.          - Ал баубақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма.</p>
<p><b>Танертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)</b>          1–1 Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасау, қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтау, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).          2.Б.қ. Қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.          2–1 оң иықты көтеру;          2–2 б.қ. келу;          2–3– сол иықты көтеру.</p>				

	<p>2–4. б.қ. келу (3 рет қайталау).  3.Б.қ. Қолды төске қойып, қоян сияқты тұру.  3–1– 3 рет секіру;  3–2 – б.қ. келу;  3–3– 3 рет секіру;  3–4. б.қ. келу (2 рет қайталау).</p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</b>  "Біз шалқандай өстік".  Балаларды шоқайтып отырғызып, жаттығуды бастауға болады.  - Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру),  Күнге қолды создық (жоғары созылу).  Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау),  Қайта жерге отырдық (қайта отыру).  Д. Ахметова</p>				
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  "Құмырсқалар секілді еңбектенеміз".  Мақсаты. Балаларды қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуді қайталау; еңбектеу жаттығуларын жасауға деген бейімділіктерін қалыптастыру; еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін меңгерту; заттар</p>	<p><b>Музыка.</b>  "Күз сыйлаған топ-топ".  Мақсаты. Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  "Еңбектейік, ерінбейік".  Мақсаты. Балаларды еңбектеу жаттығуларын жасауға деген бейімділіктерін арттыру; қатар қойылған заттар арасымен еңбектеуді қорытындылау; еңбектеудегі дене қимыл ерекшеліктерін, заттар арасымен еңбектеу қабілетін</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  "Нан қадірі".  Мақсаты. Балаларды заттардан аттап жүру жаттығуларын жасау кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; оқу қызметі кезінде достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; бидай егуші дихандардың еңбектерін бағалай білу сезіміне баулу. Сабақ басталар алдында балалардың психологиялық көңіл</p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу.</b>  "Алма".  Мақсаты. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастаған нүктеге жеткізіп, дөңгелек пішініндегі үлкен алманы салып шығуға үйрету; қылқаламмен салынып жатқан "сызықты" бақылап отыруға машықтау; сурет</p>

	арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; жаңа қимылдарды қайталау; балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу; қауіпсіздік техникасы мен тазалық ережелерін сақтауға баулу. "Жыландар" ойыны.	"Қандай аяқ киім?" дидактикалық ойыны.	дамыту; балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту; балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. "Еңбектеп жеміс жинайық" ойыны.	күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдалану: "Күн қандай көңілді!", "Нан болса, ән де болады!", "Бәріміз күшті боламыз!", "Жарайсың!", "Керемет!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Бидай шашам қаптардан" ойыны.	аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; алманың қызыл болып пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. "Дананың сарқытынан ауыз тиейік".
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуен</b>	<b>Сары жапырақтарды бақылау.</b> Мақсаты. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. Ұшты талдан	<b>Көк аспанды бақылау.</b> Мақсаты. Балаларға, педагогке еліктеу арқылы, аспан мен ауаның қасиеттеріне жалпы қызығушылық тудыру. Аспанымыз көгілдір, Ауамыз мөп-мөлдір. Аспанды тамашалаймыз, Ауамен демаламыз. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды гүлзарды	<b>Бұлтты аспанды бақылау.</b> Мақсаты. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттар сұрланып тұрса, жаңбыр жауатынын байқату. Жаңбыр жауса қалаға, Алыс жатқан ауылға, Су толады шалшыққа.	<b>Желді бақылау.</b> Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрінде. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр	<b>Ағаштарды бақылау.</b> Мақсаты. Балаларды қоршаған ортадағы ағаштармен таныстыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарымен бізге бұлғайды. - Балалар, ал қазір

	<p>жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев Балаларға көркем сөздер жолдарында бейнеленген жапырақтарды ағаштан көріп, жерге түсетінін байқауға қызықтыру. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Қумалақтар" қимылды ойыны.</b> Мақсаты. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап</p>	<p>қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>"Сәбіз бақшада өскен" ойыны.</b> Мақсаты. Балаларға педагогтің соңынан тақпақтағы сөздерді ілесіп айтып, қимылына еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларды дамыту. - Сәбіз бақшада өскен, (аяқ ұшына тұру, қолдар жоғары) Жүйекте отыр, терең. (шоқайып отыру) Көрінбейді, тоқсары, (шоқайып отыру, алақандармен төбені жабу) Жер бетінде - сабағы. (қайта аяққа тұру) Еңкейіп, қане,</p>	<p>Кім шыдайды суыққа? Там-там-там, Там-там-там, Соққылайды шатырға. Там-там-там, Там-там-там. Кім шыдайды суыққа? Д. Ахметова <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.</b> Мақсаты. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы</p>	<p>Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Бау-бақшаға барайық" қимылды ойыны.</b> Мақсаты. Балаларды бір бағытта жүріп, бағыт бойынша бұрылып, айтылған сөздерге сай еліктеу қимылдарды жасауға ынталандыру. Педагог көркем сөздерді бастайды, балаларды өзімен бірге бағыттаптайды. - Бау-бақшаға барайық (сап түзеп, әндету),</p>	<p>ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Алмалар шашылды" қимылды ойыны.</b> Мақсаты. Балаларды көркем сөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. - Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі. - Қанекей, піскен алмаларды жинайық.</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>бағыттай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>- Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар.</p> <p>Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты.</p> <p><b>"Допты қағып ал" қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.</p>	<p>жұлайық, (алға төмен еңкею)</p> <p>Жұлып-жұлып, отырайық. (басылып отыру, аяқтарды тік созу, маңдай терін сүрткен сияқты, қолмен қимыл жасау, демалу)</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p> <p>Далаға алып шығатын материалмен ойындар.</p> <p>Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.</p>	<p>білімдерін қалыптастыру.</p> <p>- Күн шықты – балалар ойнады.</p> <p>- Күн тығылды – жаңбыр жауды.</p> <p><b>"Әткеншек" қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Әткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.</p>	<p>Жан-жаққа қарайық (қолды белге қойып, екі жаққа денемен бұрылу).</p> <p>Жұлып алып алманы (екі қолды жоғары созу, аяқ ұшына тұру), Қорапшаға салайық (отырып, қайта тұру).</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>"Өз орныңды тап" қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерінен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алманы тергенді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды.</p> <p>- Алма бақта көп алма, Қызыл алма, көк алма. Күз келді, тез жинаңдар, Кеш қалып қалмаңдар.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>"Шеңберден шықпа" жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Күздік алмаларға қорапша".</p> <p>Мақсаты. Балаларды құрылыс материалы</p>	<p><b>"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны.</b></p> <p>Мақсаты. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Жапырақтар".</p> <p>Мақсаты.</p> <p>Балалардың</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Шалқан" ертегісі".</p> <p>Мақсаты. Балаларды "Шалқан" ертегісі желісімен таныстыра</p>	<p><b>Музыкадан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Тұлпарым".</p> <p>Мақсаты. Балаларға тұлпар туралы әнді танып, жағымды эмоциоланды жауап беруге ынталандыру; музыкалық-</p>

	<p>кірпіштен қорапша құрастыруға үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай жемістерге қорапша жасауға жаттықтыру.</p> <p>Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін арттыру; қолдарының ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту.</p> <p>"Жеміс пен көгөністерге қорапша" іс-тәжірибе жаттығуы.</p> <p><b>"Сәлем!"</b> <b>мультфильмін көру.</b> Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, ортақ</p>	<p>де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп қуануға баулу.</p> <p>- Балалар, ал қазір сендер мына тібекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар.</p> <p>Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады.</p> <p>қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш</p> <p>қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ</p> <p>қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл</p>	<p>жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту.</p> <p>"Жапырақты жинайық" ойын рефлексиясы.</p> <p><b>"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.</b> Мақсаты. Балаларға жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер.</p> <p>- Балалар, қазір бір қолдарымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз.</p> <p>Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы</p>	<p>отырып, мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; шалқан туралы жалпы мағлұматтар беру.</p> <p>Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілеті мен есте сақтауын дамыту.</p> <p>"Не жасырдым?" жаттығуы.</p> <p><b>"Көгөністер" мультфильмін көру.</b> Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, көгөністерді ажыратып, жаттығуларды жасап, ортақ жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.</p>	<p>ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.</b> Мақсаты. Балаларды бірігіп шеңберді құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог балаларды жанына шақырады.</p> <p>- Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.</p>
--	--	--	--	--	--

	жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.	шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды.	саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек.		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Тақпақты мәнерлеп оқу. - Ұшты талдан жапырақ Сары көбелек секілді. Аспанда жай шатырлап, Тамшы жерде секірді. М. Әлімбаев	Қияр нақпіншілерімен ойнату. <i>"Қияр" (орыс халқының тақпағы).</i> Қияр, қияр, шет-тысқа Бара көрме, желігіп: Жеп қояды бір тышқан Құйрығыңды кеміріп. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	"Күз". Қ. Мырзалиев  Шашақтанып жиегі Бұлт қабағын түйеді. Жоқ шалшықсыз, Балшықсыз Жердің сынық сүйемі.	- Жаңбыр жауса қалаға, Алыс жатқан ауылға, Су толады шалшыққа. Кім шыдайды суыққа? Там-там-там, Там-там-там, Сокқылайды шатырға. Там-там-там, Там-там-там. Кім шыдайды суыққа? Д. Ахметова	- Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланың балабақшадағы өтілген тақырыптары туралы хабардар болуының маңызы", "Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығуларды жасату", "Баланың қандай жеміс не көкөніске аллергиясы жөнінде".				